

## Өскемен қаласының жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 21 ақпандағы N 5757 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2008 жылғы 20 наурызда N 5-1-81 тіркелді

### МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 558 "Мемлекеттік қызмет көрсетудің үлгі стандарттарын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетулердің сапасын көтеру мақсатында Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік қызмет көрсетулердің қосымшада берілген стандарттары бекітілсін:
  - 1) 1 қосымшаға сәйкес "Жұмыссыз азаматтарды есепке алу және тіркеу";
  - 2) 2 қосымшаға сәйкес "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу";
  - 3) 3 қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және кезектілік";
  - 4) 4 қосымшаға сәйкес "Балаларды асырап алуды қалайтын отбасынан тапсырысты қабылдау";
  - 5) 5 қосымшаға сәйкес "Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өңірлік есепке қою";
  - 6) 6 қосымшаға сәйкес "Мектепке дейінгі жастағы (7 жасқа дейінгі) балаларды мектепке дейінгі балалар мекемелеріне жіберу үшін тіркеу";
  - 7) 7 қосымшаға сәйкес "Жер телімдеріне жеке меншік құқығына актілерді ресімдеу";
  - 8) 8 қосымшаға сәйкес "Тұрақты жер пайдалану құқығына актілерді ресімдеу";
  - 9) 9 қосымшаға сәйкес "Уақытша өтелуі (көп мерзімдік, қысқа мерзімдік) жер пайдалану (жалға алу) актілерін ресімдеу";
  - 10) 10 қосымшаға сәйкес "Уақытша жер пайдалану құқығына актілерді ресімдеу";
  - 11) 11 қосымшаға сәйкес "Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек көрсету үшін оларға құжаттар ресімдеу";
  - 12) 12 қосымшаға сәйкес "Оларды сурдо-тифлотехникалық құралдармен және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету үшін мүгедектерге құжаттар ресімдеу";
  - 13) 13 қосымшаға сәйкес "18 жасқа дейінгі балалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау";

14) 14 қосымшаға сәйкес "Тұрғын үй көмегін тағайындау";

15) 15 қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік және мемлекеттік емес медициналық-әлеуметтік мекемелерде әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу";

16) 16 қосымшаға сәйкес "Мүгедектерге, соның ішінде басқа адамның күтуін қажет ететін мүгедек балаларға үйлерінде әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу";

17) 17 қосымшаға сәйкес "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу";

18) 18 қосымшаға сәйкес "Үйлерінде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттар ресімдеу";

19) 19 қосымшаға сәйкес "Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамтамасыз етуге арналған құжаттарды ресімдеу";

20) 20 қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау";

21) 21 қосымшаға сәйкес "Қосалқы шаруашылығының бар болуы туралы анықтама беру";

22) 22 қосымшаға сәйкес "Жер телімдері туралы анықтама беру";

23) 23 қосымшаға сәйкес "Мал басы туралы мәлімет";

24) 24 қосымшаға сәйкес "Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру";

25) 25 қосымшаға сәйкес "Қорғаншылық пен қамқоршылық жөніндегі анықтамаларды беру";

26) 26 қосымшаға сәйкес "Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй ауданын айырбастау немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалдық кеңсеге анықтамаларды беру";

27) 27 қосымшаға сәйкес "Кәмелетке толмаған балаларға мұрагерлікті ресімдеу үшін ІІБ жол полициясы Комитетінің аумақтық бөлімшелеріне, зейнетақы қорларына анықтамаларды беру";

28) 28 қосымшаға сәйкес "Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үйді кепілге қойып, несие ресімдеу үшін банктерге рұқсаттарды беру";

29) 29 қосымшаға сәйкес "Тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін қозғаушы мәмілелер үшін қорғаншылық және қамқоршылық кеңесінің анықтамалары шешімдерін беру";

30) 30 қосымшаға сәйкес "Лизингке техниканы сатып алу үшін анықтаманы беру".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасарларына, аппарат б а с ш ы с ы н а ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми басылып шыққан күнінен кейін күшіне енеді.

Өскемен қаласының әкімі

Ш. Бұқтұғұтов

Өскемен қаласы әкімдігінің

2008

жылы

21

ақпандағы

## **Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты "Жұмыссыз азаматтарды есепке алу және тіркеу"**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Жұмыссыз азаматтарды есепке алу және тіркеу - жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жұмысқа орналасуға көмек көрсету үшін өтініш білдірген тұлғаларды тіркеу және қажетті құжаттарын көрсеткен жағдайда жұмыссыздарды есепке алу (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 15 бабының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Ворошилов көшесі 157/2 мекенжайы бойынша орналасқан, сайт [www.oskemen.kz](http://www.oskemen.kz) "Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) көрсетеді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі - жұмыссыздық куәлігі.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыты бойынша шектеу мерзімдері:

1) тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырған, мемлекеттік қызметті алу үшін электронды сұрау салған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері - 10 күн тізбелік күннен кешіктірмей;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтуге, электронды сұрау толтыруға ең ұзақ уақыт - 30 - 45 минут;

3) құжаттарды алған кезде кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт - 10-15 минут.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты туралы ақпарат Бөлімнің № 204, 214 және 212 кабинеттерінде Белинский көшесі, 37 а мекенжайы бойынша; [www.oskemen.kz](http://www.oskemen.kz) қаланың ресми сайтында, "Дидар", "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған.

10. Мемлекеттік қызмет келесі күндерде және сағаттарда көрсетіледі: дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі сағат 9.00-ден 16.00-ге дейін; сәрсенбі сағат 13.30-дан 16.00-ге дейін; жұма сағат 9.00-ден 12.00-ге дейін. Түскі үзіліс сағат 12.30-дан 13.30-ға дейін. Осы мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу және жедел қызмет көрсету қ а р а с т ы р ы л м а ғ а н .

11. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін келесі жағдайлар жасалған: мекеме пандуспен жабдықталған, дәлізде ақпараттық стенд орналастырылған, кабинет телефон

мен отыру орындарымен жабдықталған, санитарлы-гигиеналық және өртке қарсы талаптарға жауап беретін күту залы бар.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушыға келесі құжаттарды тапсыру қажет:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі (төлқұжат). Бұл құжат болмаған жағдайда оны келесі мекенжай бойынша алуға тіркелген орыны бойынша алуға болады: N 1 Өскемен қаласының халыққа қызмет көрсету Орталығы, Белинский көшесі, 37 а, жұмыс істеу және қабылдау кестесі: дүйсенбі - сенбі сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін, үзіліссіз, телефон 28-94-67; N 2 халыққа қызмет көрсету Орталығы, Ушанов көшесі, 99/1, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбі - жұма сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін үзіліссіз, сенбі сағат 8.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, телефон 29-61-27; N 1 халыққа қызмет көрсету Орталығының филиалы, Қаныш Сәтпаев атындағы даңғыл, 20/1, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбі - сенбі сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін үзіліссіз, телефон 62-39-22;

2) еңбек қызметін растайтын, тұтынушы жұмыс істеген барлық меншік түріндегі ұйымдар берген құжат;

3) кіріс туралы мәлімет (мәлімдеу сипатында) ол өтініш түрінде өз қолымен толтырылады;

4) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасында тұру ықтиярхатын және азаматтығы жоқ адамның Өскемен қаласының ішкі істер басқармасының көші-қон полициясы бөлімі беретін ішкі істер органдарында тіркелгені туралы белгісі бар куәлігін ұсынады. Олар Өскемен қаласының ішкі істер басқармасының көші-қон полиция бөлімімен беріледі мына мекенжай бойынша: Пролетар көшесі, 152, қабылдау және жұмыс кестесі: дүйсенбі - жұма сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, сенбі сағат 9.00-ден 12.00-ге дейін, үзіліс сағат 12.30-дан 14.30-ға дейін, телефон 23-28-15;

5) Оралмандар "Көші-қон комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша басқармасы" мемлекеттік мекемесі беретін оралман куәлігін ұсынады, мына мекенжай бойынша: Мызы көшесі, 5/1, қабылдау және жұмыс кестесі: сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, телефон 26-07-30;

6) жеңілдіктері бар азаматтар сонымен қатар:

мүгедектер - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті беретін жеке оңалту бағдарламасы және мүгедектігі туралы анықтама мына мекенжай бойынша: Ворошилов көшесі, 147/1, қабылдау және жұмыс кестесі: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі сағат 9.00-ден 12.00-ге дейін, телефон 47-54-22; Киев көшесі, 1, қабылдау және жұмыс кестесі: дүйсенбі,

сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі сағат 8.00-ден 12.00-ге дейін, телефон 22-59-03, 47-86-38, 4 7 - 5 4 - 2 2 ;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтар - түзету мекемелерінен босатылғаны туралы анықтама тапсыруы қажет.

Құжаттарды салыстырып қарау үшін түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, содан кейін түпнұсқалары тұтынушыға қайтарылады.

13. Жұмыссыз азаматтарды есепке алу туралы өтініш үлгілерін беру Белинский көшесі, 37 а, мекенжайы бойынша N 204, 214 кабинеттерде жүзеге асырылады.

14. Өтініш және мемлекеттік қызметті алуға қажетті басқа құжаттар Бөлімнің мамандарына Ворошилов көшесі, 157/2, мекенжайы бойынша N 204, 214 кабинеттерге т а п с ы р ы л а д ы .

15. Тұтынушы мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті барлық құжаттарды тапсырғаннан кейін тұтынушының мемлекеттік қызметті алған күні бар барлық құжаттарды тапсырғанын растайтын талон алады.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жеткізу жеке бару, электрондық поштамен, хатпен, курьермен жүзеге асырылады.

Қызмет көрсетудің соңғы нәтижесін Бөлімнің қабылдау және жұмыспен қамтуға ықпал ету секторының мамандары Белинский көшесі, 37 а, мекенжайы бойынша N 204, 214 кабинеттерде тұтынушы kanc@oskemen.kz жеке келген уақытта береді.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұруға құжаттардың толық пакетін тапсырмау негіз болып табылады.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Бөлімнің қызмет көрсетуде тұтынушыға қатысты басшылыққа алатын жұмыс қағидаттары :

1 ) с ы п а й ы л ы қ ;

2 ) к ә с і б и л і к ;

3 ) ш ұ ғ ы л д ы қ ;

4) ақпаратты қолжетімді етіп түсіндіру;

5) тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың құпиялылығын қ а м т а м а с ы з е т у ;

б) құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

### **4. Жұмыстың нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін Бөлімнің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс тобы бекітеді.

## 5. Шағымдану тәртібі

21. Бөлімнің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағым дайындауға жәрдем көрсететін мемлекеттік орган "Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, Ворошилов көшесі, 157/2, мекенжайы бойынша N 20 кабинет, телефон 42-83-33, e-mail : [uprsoczahital@ustk.kz](mailto:uprsoczahital@ustk.kz).

22. Шағым "Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру департаменті" мемлекеттік мекемесіне, Киевская көшесі, 1, N 201 кабинет, телефон: 47-86-39, e-mail:[oblzan@mail.kz](mailto:oblzan@mail.kz); "Өскемен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне, Пермитин көшесі, 17, N 109 кабинет, телефон: 26-85-68, e-mail:[kanc@oskemen.kz](mailto:kanc@oskemen.kz) беріледі.

23. Шағымның қабылданғанын растайтын құжат шағымды қабылдағаны туралы, тіркеу журналында тіркелген талон болып табылады, онда берілген шағымға жауап алу мерзімі және орыны көрсетіледі. Тұтынушы шағымның қаралу барысы туралы мәліметті келесі телефондар арқылы білуіне болады 47-86-39, 26-85-68.

## 6. Байланыс ақпараты

24. Бөлімнің бастығы: қабылдау күндері: сейсенбі сағат 9.00-ден 12.00-ге дейін, Ворошилов көшесі, 157/2, N 20 кабинет, телефон 42-83-33, e-mail:[uprsoczahital@ustk.kz](mailto:uprsoczahital@ustk.kz).

Бөлім бастығының жұмыспен қамту мәселелерін қарастыратын орынбасары: қабылдау күні - бейсенбі сағат 14.00-ден 16.00-ге дейін, Белинский көшесі, 37 а, N 210 кабинет, телефон 47-15-85.

Қабылдау және жұмыспен қамтуға ықпал ету бөлімінің меңгерушісі: қабылдау күндері - дүйсенбі, сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, бейсенбі сағат 14.00-ден 16.00-ге дейін, Белинский көшесі, 37 а, N 212 кабинет, телефон 47-99-06.

25. Тұтынушы үшін басқа да пайдалы ақпарат [www.oskemen.kz](http://www.oskemen.kz) қаланың ресми сайтында орналастырылған.

|                                      |                             |                                |       |
|--------------------------------------|-----------------------------|--------------------------------|-------|
|                                      | Өскемен                     | қаласы                         | әкімі |
| аппаратының басшысы                  | М. Сайдуақасова             |                                |       |
| "Жұмыссыз және есепке қызмет қосымша | азаматтарды алу" көрсетудің | тіркеу мемлекеттік стандартына |       |

## Сапа және қол жетімділік көрсеткішінің мәні

| Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері   | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|--|-------------------------------|---|---|
| 1  | 2                             | 3   | 4   |
| <b>1. Уақыттылығы</b>  |                               |   |   |
| 1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)                     | 100 %                         |   |   |
| 1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)                                   | 100 %                         |   |   |
| <b>2. Сапасы</b>   |                               |   |   |
| 2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)   | 100 %                         |   |   |
| 2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі) | 100 %                         |   |   |
| <b>3. Қол жетімділік</b>   |                               |   |   |
| 3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)                        | 100 %                         |   |   |
| 3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)                           | 100 %                         |   |   |
| 3.3. интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)   | 100 %                         |   |   |
| <b>4. Шағымдану үдерісі</b>  |                               |   |   |
| 4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)       | 0 %                           |   |   |
| 4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)                           | 100 %                         |   |   |
| 4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)  | 100 %                         |   |   |
| 4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)  | 100 %                         |   |   |
| <b>5. Сыпайылық</b>  |                               |   |   |
| 5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)   | 100 %                         |   |   |

**Өскемен қаласы әкімі**  
**аппаратының басшысы М. Сайдуақасова**

Өскемен қаласы әкімдігінің  
2008 жылғы 21 ақпандағы  
N 5757 қаулысына  
2 қосымша

**Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты**  
**"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық**  
**сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды**  
**тіркеу және есепке алу"**

**1. Жалпы ережелер**

1. Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу - қалалық арнайы комиссиямен, мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындардың комиссияларымен іс макеттерін құрастыру, қалалық зейнетақы төлеу орталығы бөліміне төлемге істерді тапсыру үшін қала әкімінің шешімімен құрылған арнайы комиссиямен істерді бекіту (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).

2. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің түрі ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылдың 20 ақпанындағы N 110 "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысының 2 бөлімінің негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Ворошилов көшесі 157/2 мекенжайы бойынша орналасқан, сайт [www.oskemen.kz](http://www.oskemen.kz), "Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) көрсетеді.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі - Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырған, электрондық сауал берген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері - 30 күн;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтуге, электрондық сауалды қалыптастыруға рұқсат берілген ең ұзақ уақыт - 45-50 минут;

3) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі ретінде құжаттарды алған кезде кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт - 40-50 минут.



8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты туралы ақпарат Ворошилов көшесі, 157/2 мекенжайы бойынша Бөлімнің ақпараттық тағандарында, [www.oskemen.kz](http://www.oskemen.kz) қаланың ресми сайтында, "Дидар", "Рудный Алтай" газеттерінде орналастырылған.

10. Мемлекеттік қызмет келесі күндерде және сағаттарда көрсетіледі: дүйсенбі - бейсенбі сағат 9.00-ден 16.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу және шұғыл қызмет көрсету қ а р а с т ы р ы л м а ғ а н .

11. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін келесі жағдайлар жасалған: мекеме пандуспен жабдықталған, дәлізде ақпараттық стенд орналастырылған, кабинет телефон мен отыру орындарымен жабдықталған, санитарлы-гигиеналық және өртке қарсы талаптарға жауап беретін күту залы бар.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. Осы мемлекеттік қызметті алу үшін келесі құжаттарды тапсыру қажет:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі (төлқұжат). Бұл құжат болмаған жағдайда оны келесі мекенжай бойынша алуға тіркелген орыны бойынша алуға болады: N 1 Өскемен қаласының халыққа қызмет көрсету Орталығы, Белинский көшесі, 37 а, жұмыс істеу және қабылдау кестесі: дүйсенбі - сенбі сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін, үзіліссіз, телефон 28-94-67; N 2 халыққа қызмет көрсету Орталығы, Ушанов көшесі, 99/1, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбі - жұма сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін үзіліссіз, сенбі сағат 8.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, телефон 29-61-27; N 1 халыққа қызмет көрсету Орталығының филиалы, Қаныш Сәтпаев атындағы даңғыл, 20/1, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбі - сенбі сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін үзіліссіз, телефон 62-39-22;

2) кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі қол қойған анықтама, Меновной ауылдық округінің әкімі береді, мекенжайы: Меновной ауылы, М. Горький көшесі, 11 а, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 12.00-ге дейін, телефон 57-44-36, 57-44-52;

3) салық төлеушінің тіркеу нөмірін беру туралы куәлік (СТТН), "Өскемен қаласының салық комитеті" мемлекеттік мекемесімен беріледі, Тәуелсіздік даңғылы, 86, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбі - жұма сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін және 15.00-ден 17.00-ге дейін, телефон 47-04-00;

4) әлеуметтік жеке кодын алу туралы куәлік (ӘЖК), Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының қалалық бөлімімен беріледі, мекенжай Ушанов көшесі, 3, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбі - жұма сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін телефон 25-49-98;

5) жинақ кітапшасы немесе пластикалық карточка, екінші деңгейлі банктердің филиалдарымен беріледі;

б) 1949 жылдан 1990 жылдар кезеңінде Семей ядролық сынақ аумағында өмір сүру кезеңін және дерегін растайтын құжат - экологиялық куәлік, "Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен беріледі, Ворошилов көшесі, 157/2, жұмыс кестесі: дүйсенбі-бейсенбі сағат 9.00-ден 16.00-ге дейін. Үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, телефон 42-19-13, 42-72-86;

7) радиациялық қауіп аумағында тұрғанын растайтын мұрағаттық анықтамалары және басқа құжаттар.

Салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері беріледі, одан кейін түпнұсқасы тұтынушыға қайтарылады.

13. Біржолғы ақшалай өтемақы, экологиялық істің кітапшасын тағайындау үшін өтініштер үлгілері және бланктер беру Ворошилов көшесі, 157/2, N 2, 6, 7, 8 кабинеттерде жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар және өтініштер Ворошилов көшесі, 157/2, мекенжайы бойынша N 2, 6, 7, 8 кабинеттерге тапсырылады.

15. Тұтынушы мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті барлық құжаттарды тапсырғаннан кейін тұтынушының мемлекеттік қызметті алған күні бар барлық құжаттарды тапсырғанын растайтын талон алады.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі тұтынушы жеке келген уақытта беріледі. Қызмет көрсетудің соңғы нәтижесі - істің төлеуге өткізілгені туралы ақпарат - Бөлімнің экологиялық төлемдер және өтемақылар секторының маманы береді, мекенжайы Ворошилов көшесі, 157/2, N 2, 6, 7, 8 кабинеттер.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұруға құжаттардың толық пакетін тапсырмау негіз болып табылады.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Бөлімнің қызмет көрсетуде тұтынушыға қатысты басшылыққа алатын жұмыс қағидаттары:

1 ) с ы п а й ы л ы қ ;

2 ) к ә с і б и л і к ;

3 ) ш ұ ғ ы л д ы қ ;

4) ақпаратты жетімді етіп түсіндіру;

5) тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету;

б) құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттағы қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Бөлімнің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс тобы бекітеді.

## 5. Шағымдану тәртібі

21. Бөлімнің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі және шағым дайындауға "Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, Ворошилов көшесі, 157/2, мекенжайы бойынша N 20 кабинетте жәрдемдеседі, телефон 42-83-33, e-mail: uprsoczahital@ustk.kz.

22. Шағым берілетін мемлекеттік орган "Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру департаменті" мемлекеттік мекемесі, Киевская көшесі, 1, 201 кабинет, телефон: 47-86-39, e-mail: oblzan@mail.kz; "Өскемен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, Пермитин көшесі, 17, N 109 кабинет, телефон 26-85-68, e-mail: kanc@oskemen.kz.

23. Шағымның қабылданғанын растайтын құжат шағымды қабылдағаны туралы, тіркеу журналында тіркелген талон болып табылады, онда берілген шағымға жауап алу мерзімі және орыны көрсетіледі. Тұтынушы шағымның қаралу барысы туралы мәліметті келесі телефондар арқылы білуіне болады 47-86-39, 26-85-68.

## 6. Байланыс ақпараты

24. Бөлім бастығы: қабылдау күні: сейсенбі сағат 9.00-ден 12.00-ге дейін, Ворошилов көшесі, 157/2, N 20 кабинет, телефон 42-83-33, e-mail: uprsoczahital@ustk.kz.

Бастықтың әлеуметтік мәселелерді жөніндегі орынбасары: қабылдау күні - бейсенбі сағат 9.00-ден 12.00-ге дейін, Ворошилов көшесі, 157/2, N 32 кабинет, телефон 42-45-46.

Экологиялық төлемдер мен өтемақылар бөлімінің бастығы: қабылдау күндері: дүйсенбі, бейсенбі, сағат 14.00-ден 15.00-ге дейін, Ворошилов көшесі, 157/2, N 4 кабинет, телефон 42-72-86.

25. Тұтынушы үшін басқа да пайдалы ақпарат [www.oskemen.kz](http://www.oskemen.kz) қаланың ресми сайтында орналастырылған.

|                    |         |                |               |       |
|--------------------|---------|----------------|---------------|-------|
|                    |         | Өскемен        | қаласы        | әкімі |
| апаратының басшысы |         | М. Сайдуқасова |               |       |
| "Семей             | ядролық | сынақ          | полигонындағы |       |
| ядролық            |         | сынақтар       | салдарынан    |       |
| зардап             | шеккен  | азаматтарды    | тіркеу        | және  |
| есепке             | алу"    | мемлекеттік    | қызмет        |       |
| көрсетудің         |         | стандартына    |               |       |
| қосымша            |         |                |               |       |

## Сапа және қол жетімділік көрсеткішінің мәні

| Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері   | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|--|-------------------------------|---|---|
| 1  | 2                             | 3   | 4   |
| <b>1. Уақыттылығы</b>  |                               |   |   |
| 1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)                     | 100 %                         |   |   |
| 1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)                                   | 100 %                         |   |   |
| <b>2. Сапасы</b>   |                               |   |   |
| 2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)   | 100 %                         |   |   |
| 2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі) | 100 %                         |   |   |
| <b>3. Қол жетімділік</b>   |                               |   |   |
| 3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)                        | 100 %                         |   |   |
| 3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)                           | 100 %                         |   |   |
| 3.3. интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)   | 100 %                         |   |   |
| <b>4. Шағымдану үдерісі</b>  |                               |   |   |
| 4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)       | 0 %                           |   |   |
| 4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)                           | 100 %                         |   |   |
| 4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)  | 100 %                         |   |   |
| 4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)  | 100 %                         |   |   |
| <b>5. Сыпайылық</b>  |                               |   |   |
| 5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)   | 100 %                         |   |   |

аппаратының басшысы

Өскемен қаласы әкімі  
М. Сайдуақасова

Өскемен қаласы әкімдігінің  
2008 жылғы 21 ақпандағы  
N 5757 қаулысына  
3 қосымша

## **"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және кезектілік" мемлекеттік қызметін көрсетудің стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және кезектілік - мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру үшін тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің түрі ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 71-74 баптарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 қыркүйектегі N 1292 "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру, жалдау және пайдалану тәртібі туралы" қаулысының 7-тармағының негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызметті Ушанов көшесі, 27 мекенжайы бойынша орналасқан, сайт [www.oskemen.kz](http://www.oskemen.kz). "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" (бұдан әрі - Бөлім) мемлекеттік мекемесі көрсетіледі.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою туралы мәлімдеме беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет тұрғын үйге мұқтаж, осы елді мекенде тұрақты тұратын және халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын табысы аз топтарына жататын Қазақстан Республикасының азаматтарына, сонымен бірге тұрғын үйге мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге және сайланбалы мемлекеттік лауазымдағы тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушы) көрсетіледі.

Халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын тобына:

- 1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалар;
- 2) 1 және 2 топтағы мүгедектер (өздері жасаған қылмыс салдарынан мүгедек болған адамдарды қоспағанда);
- 3) мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары;
- 4) заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілетін аурулар тізімінде аталған кейбір

- созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар;
- 5) жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;
- 6) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма жасқа жетпеген жетім балалар. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметті өтеу мерзіміне ұзартылады;
- 7) о р а л м а н д а р ;
- 8) экологиялық апаттардың, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған тұлғалар;
- 9) көп балалы отбасылар;
- 10) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары;
- 11) толық емес отбасылар жатады.

7. Мемлекеттік қызмет мынадай мерзімдерде көрсетіледі:

- 1) тұтынушылармен қажетті құжаттар ұсынылған, мемлекеттік қызметті алу үшін электронды түрде сұрау жасалған кезден бастап мемлекеттік қызметті көрсету - 30 күн а ғ ы м ы н д а ;
- 2) қажетті құжаттарды өткізу, электронды түрде сұранымды қалыптастыру кезінде кезекте күтудің мүмкін болатын ең көп уақыты - 40 минут;
- 3) құжаттарды алу кезінде кезекте күтудің мүмкін болатын ең көп уақыты - 40 м и н у т ;

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты туралы ақпарат Бөлімнің 207 кабинетінде, [www.oskemen.kz](http://www.oskemen.kz) сайтында, "Дидар", "Рудный Алтай" газеттерінде орналастырылған.

10. Мемлекеттік қызмет келесі күндерде және сағаттарда көрсетіледі: сейсенбі, бейсенбі, сағат 14-00-ден 17-00-ге дейін. Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу және жедел қызмет көрсету қарастырылмаған.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін келесі жағдайлар жасалған: мекеме пандуспен жабдықталған, дәлізде ақпараттық стенд орналастырылған, кабинет телефон мен отыру орындарымен жабдықталған, санитарлы-гигиеналық және өртке қарсы талаптарға жауап беретін күту залы бар.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

12. Осы мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

- 1) үлгісі Бөлімде берілетін форма бойынша есепке қою туралы өтініш;

2) құжаттарды өткізетін азаматтың отбасы мүшелерінің жеке куәліктері. Бұл құжаттар болмаған жағдайда оларды келесі мекенжай бойынша алуға тіркелген орыны бойынша алуға болады: N 1 Өскемен қаласының халыққа қызмет көрсету Орталығы, Белинский көшесі, 37 а, жұмыс істеу және қабылдау кестесі: дүйсенбі - сенбі сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін, үзіліссіз, телефон 28-94-67; N 2 халыққа қызмет көрсету Орталығы, Ушанов көшесі, 99/1, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбі - жұма сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін үзіліссіз, сенбі сағат 8.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, телефон 29-61-27; N 1 халыққа қызмет көрсету Орталығының филиалы, Қаныш Сәтпаев атындағы даңғыл, 20/1, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбі - сенбі сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін үзіліссіз, телефон 62-39-22;

3) неке қию туралы (бұзу туралы, қайтыс болуы туралы) куәлік, кәмелеттік жасқа толмаған балалардың тууы туралы куәлігі. Бұл құжаттар болмаған жағдайда оларды азаматтық хал актілерін жазу Бөлімінде алуға болады, Киров көшесі, 68, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбі - бейсенбі сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, телефон 26-03-22;

4) әлеуметтік жағынан қорғалатын азаматтар тобына жататындығын растайтын анықтама "Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен беріледі, Ворошилов көшесі, 157/2, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбі - бейсенбі, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін; түскі үзіліс, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, телефоны 42-44-63 немесе мемлекеттік қызметшінің, бюджеттік ұйым қызметкерінің, әскери қызметшінің жұмыс істейтін жұмыс (қызмет) орнынан анықтама ;

5) тұратын жерден анықтама немесе тіркеу кітабы, өтініш берушінің және онымен үнемі тұратын отбасы мүшелерінің меншік құқығында оларға тиесілі тұрғын үйдің жоқтығы туралы және соңғы бес жыл ішінде тиесілі тұрғын үйінен айыру жүргізілгендігі туралы мәлімет жазылған анықтама мекен жайлары бойынша тіркеу орнынан беріледі: Өскемен қаласының N 1 халыққа қызмет көрсету Орталығы, Белинский көшесі, 37 а, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбі - сенбі, сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін, үзіліссіз, телефоны 28-94-67; N 2 халыққа қызмет көрсету Орталығы, Ушанов көшесі, 99/1, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбі - сенбі, сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін, үзіліссіз, телефоны 29-61-27; N 1 халыққа қызмет көрсету Орталығының филиалы, Қаныш Сәтпаев атындағы даңғыл, 20/1, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбі - сенбі, сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін, үзіліссіз, телефон 62-39-22.

13. Өтініш формасын беру Ушанов көшесі, 27 мекен жайы бойынша N 207 кабинетте жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті өтініш пен басқа құжаттар Ушанов көшесі, 27 орналасқан Бөлімнің мамандарына тапсырылады, N 207 кабинет.

15. Барлық қажетті құжаттарды өткізгеннен кейін тұтынушыға құжаттардың ұсынылғандығын растайтын талон беріледі, онда тұтынушының мемлекеттік қызметті

алған күні көрсетіледі.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін жеткізу жазбаша түрде жеке өзінің келуі, пошта байланысы, курьер арқылы жүзеге асырылады.

17. Құжаттардың толық жинағын ұсынбау мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтату үшін негіз болып табылады.

Егер соңғы бес жылдың ішінде өз тұрғын үй жағдайларын қасақана нашарлатуы салдарынан мынадай жолдармен мұқтажға айналғаны:

1) тұрғын үй-жайын ауыстырғаны;

2) оның Қазақстан Республикасының белгілі бір елді мекенінде орналасуына қарамастан, өзіне меншік құқығымен тиесілі, тұру үшін жарамды тұрғын үйді иелігінен шығаруы;

3) өз кінәсінен тұрғын үйдің бұзылуы немесе бүлінуі;

4) тұрған кезінде оның мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй берілуіне мұқтаж болмаған кезде тұрғын үйінен кетуі;

5) жұбайынан, кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз балаларынан, сондай-ақ еңбекке жарамсыз ата-аналарынан басқа адамдарды тұрғызғаны анықталса, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру үшін есепке қоюдан бас тартылуы мүмкін.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Бөлімнің қызмет көрсетуде тұтынушыға қатысты басшылыққа алатын жұмыс қағидаттары:

1) с ы п а й ы л ы қ ;

2) к ә с і б и л і к ;

3) ш ұ ғ ы л д ы қ ;

4) ақпараттарды қолжетімді түсіндіру және кезектілік туралы мәліметтерді беру;

5) құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;

6) тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету.

### **4. Жұмыстың нәтижесі**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі осы стандарттың қосымшасына сәйкес сапа көрсеткіштерімен және қол жетімділігімен өлшенеді.

20. Бөлім жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызмет сапасының көрсеткіштері және қолжетімділіктің мақсатты мәні арнайы құрылған жұмыс тобымен бекітіледі.

### **5. Шағымдану тәртібі**



21. Бөлім іс-әрекетіне шағым жасау және шағымды дайындауға көмек көрсету тәртібі "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ жүзеге асырылады, Ушанов көшесі, 27, N 205 кабинет, телефоны 26-40-58, факс: 26-31-56, e-mail:uprblagoustroistvo@oskemen.kz.

22. Шағым "Өскемен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне беріледі, Пермитин көшесі, 17, N 108, 109 кабинеттер, телефондары 26-85-68, 26-64-87.

23. Шағымның қаралу барысы туралы "Өскемен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінен білуге болады, Ушанов көшесі, 17, N 108, 109 кабинеттер, телефондары: 26-85-68, 26-64-87.

## 6. Байланыс ақпараты

24. Бөлімнің бастығы: қабылдау күні - сейсенбі, сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін, Ушанов көшесі, N 205 кабинет, телефоны 26-40-58.

Бөлім бастығының тұрғын үй бойынша мәселелерді бақылайтын орынбасары: қабылдау күні - бейсенбі, сағат 14-00 ден 18-00-ге дейін, Ушанов көшесі, 27 N 205 кабинет, телефоны: 26-65-86.

Мемлекеттік тұрғын үйді есепке алу және бөлу бөлімінің бастығы: қабылдау күндері - сейсенбі, бейсенбі, сағат 14-00-ден 17-00-ге дейін, N 206, 207 кабинеттер, телефоны: 26-40-60.

*Өскемен қаласы әкімі*

*аппаратының басшысы* *М. Сайдуақасова*

"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және кезектілік" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартына қосымша

## Сапа және қол жетімділік көрсеткішінің мәні

| Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері   | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|--|-------------------------------|---|---|
| 1  | 2                             | 3   | 4   |
| 1. Уақыттылығы   |                               |   |   |
| 1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі) | 100 %                         |   |   |
|  | 100 %                         |   |   |

|  |       |  |  |
|--|-------|--|--|
| 1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)                                   |       |  |  |
| 2. Сапасы  |       |  |  |
| 2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)   | 100 % |  |  |
| 2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі) | 100 % |  |  |
| 3. Қол жетімділік  |       |  |  |
| 3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)                        | 100 % |  |  |
| 3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)                           | 100 % |  |  |
| 3.3. интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)   | 100 % |  |  |
| 4. Шағымдану үдерісі   |       |  |  |
| 4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)       | 0 %   |  |  |
| 4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)                           | 100 % |  |  |
| 4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)  | 100 % |  |  |
| 4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)  | 100 % |  |  |
| 5. Сыпайылық   |       |  |  |
| 5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)   | 100 % |  |  |

Өскемен қаласы әкімі

аппаратының басшысы

М. Сайдуақасова

Өскемен

қаласы

әкімдігінің

2008

жылғы

21

ақпандағы

N

5757

қ а у л ы с ы н а

4 қосымша

**"Балаларды патронаттық тәрбиелеуге алуды қалайтын отбасыларынан тапсырыстар қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету стандарты**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы стандарт балаларды патронаттық тәрбиелеуге алуды қалайтын отбасыларынан тапсырыстар қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін анықтайды (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің түрі ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы "Неке және отбасы туралы" Заңының 16-бөлімінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 қыркүйектегі N 1346 қаулысымен бекітілген патронат туралы Ереженің 11 тармағының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Қасым Қайсенов көшесі, 10-а мекенжайы бойынша орналасқан, [www.goroo.uzg.kz](http://www.goroo.uzg.kz) сайты, "Өскемен қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) көрсетеді.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі болып баланы асырап алуға тапсыру туралы шарт жасау болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырған, тіркелген сәттен, талон алғаннан бастап, электрондық сауал берген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері - 30 күннің ішінде;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт - 1 сағаттың ішінде;

3) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі ретінде құжаттарды алған кезде кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт - 40 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты туралы ақпарат Бөлімнің ақпараттық тағандарында, [www.goroo.uzg.kz](http://www.goroo.uzg.kz) сайтында, "Дидар", "Рудный Алтай" газеттерінде орналастырылған.

10. Жұмыс кестесі: дүйсенбі - жұма 9.00-дан 17.00-ге дейін, қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүргізіледі, телефон 26-68-52.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін келесі жағдайлар жасалған: дәлізде ақпараттық таған орналастырылған, кабинет телефон мен отыру орындарымен жабдықталған, санитарлы-гигиеналық және өртке қарсы талаптарға жауап беретін күту залы бар.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. Осы мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы Бөлімге келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

1) патронат тәрбиелеуші болуды қалауы туралы тұлғаның өтініші;

2) жеке бас куәлігі (төлқұжат). Бұл құжат болмаған жағдайда оны келесі мекенжай бойынша алуға тіркелген орыны бойынша алуға болады: Өскемен қаласының N 1 тұрғындарға қызмет көрсету Орталығы Белинский көшесі, 37 а, жұмыс істеу және қабылдау кестесі: дүйсенбі - сенбі 9.00-ден 21.00-ге дейін, түскі үзіліссіз, телефоны 28-94-67; N 2 тұрғындарға қызмет көрсету Орталығы, Ушанов көшесі, 99/1, жұмыс істеу және қабылдау кестесі: дүйсенбі - жұма 8.00-ден 20.00-ге дейін, сенбі күні 8.00-ден 18.00-ге дейін түскі үзіліссіз, телефоны 29-61-27; N 1 тұрғындарға қызмет көрсету орталығының филиалы, Қаныш Сәтпаев атындағы даңғыл, 20/1, жұмыс істеу және қабылдау кестесі: дүйсенбі - сенбі 9.00-ден 21.00-ге дейін, түскі үзіліссіз, телефоны 62-39-22;

3) егер патронат тәрбиелеуші болуды қалайтын тұлға некеде тұрған болса, жолдасының келісімі;

4) бала он жасқа толған жағдайда оның келісімі;

5) патронат тәрбиелеуші болуды қалайтын тұлғаның денсаулық жағдайы туралы анықтама, Өскемен қаласының денсаулық сақтау ұйымдармен беріледі (Шығыс Қазақстан облыстық туберкулезге қарсы диспансері беріледі, Рабочая көшесі, 6, жұмыс кестесі: дүйсенбі - жұма 8.00-ден 17.00-ге дейін, телефоны 42-27-04; "Шығыс Қазақстан облыстық наркодиспансер" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Бурова көшесі, 21/1, жұмыс кестесі: дүйсенбі - жұма сағат 8.00-ден 16.00-ге дейін, телефон 26-51-89; "Облыстық психоневрологиялық диспансер" мемлекеттік мекемесі, Қаныш Сәтпаев атындағы даңғыл, 1 а, жұмыс кестесі: дүйсенбі - жұма сағат 8.00-ден 18.00-ге дейін, телефон 21-04-65; "Тері-венерологиялық диспансер" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Утепова көшесі 39 а, жұмыс кестесі: дүйсенбі - жұма сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін, телефон 62-36-70; "АИТВ қарсы күрес жүргізу және алдын алу бойынша Шығыс Қазақстан облыстық орталығы" мемлекеттік мекемесі, Бурова көшесі, 21-1, жұмыс кестесі: дүйсенбі - жұма сағат 8.00-ден 16.40-қа дейін, телефон 26-60-70);

б) патронат тәрбиелеуші болуды қалайтын тұлға некеде тұрған болса, жолдасының денсаулық жағдайы туралы анықтама, осы стандарттың 12 тармағының 5) тармақшасында көрсетілген денсаулық сақтау ұйымдарымен беріледі.

Бөлім мамандары баланы тәрбиелеуге үміткер тұлға мен баланың өмір жағдайларын тексеру актісін жасау үшін орынға барумен тексеруді жүзеге асырады.

13. Өтініш үлгілері мына мекенжай бойынша беріледі: Қасым Қайсенов көшесі, 10-а,  
N 2 кабинет.

14. Өтініштер және мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті басқа да құжаттар мына мекенжай бойынша Бөлім мамандарына тапсырылады: Қасым Қайсенов көшесі, 10-а, N 2 кабинет.

15. Тұтынушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған соң, тұтынушының мемлекеттік қызметті алу күні көрсетілген құжаттарды ұсынуды растайтын талон алады.

16. Қызмет көрсету нәтижесін жеткізу жеке бару арқылы жүзеге асырылады. Қызмет көрсетудің соңғы нәтижесі тұтынушылардың Бөлім мамандарына жеке баруымен мына мекенжай бойынша беріледі: Қасым Қайсенов көшесі, 10-а, N 2 каб.

17. Мемлекеттік қызметті тоқтата тұру үшін негіз құжаттардың толық емес пакетін ұ с ы н у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Мемлекеттік қызметті келесі тұлғаларға тағайындаудан бас тартылады:

- 1) сотпен қабілеті жоқ немесе қабілеті шектелген деп танылған;
- 2) сот бойынша ата-аналық құқықтарынан айырылған немесе сотпен ата-аналық құ қ ы қ т а р ы ш е к т е л г е н ;
